

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 4071 өкіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 31 мамырдағы N 552 Жарлығы

"Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 4071 өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің дербес құрамына Гарднер Даг - "Эрнст энд Янг" компаниясының ТМД бойынша басқарушы серіктесі енгізілсін;

"Лакшми Миттал" - "ЛНМ" тобының" (Испат Қармет) төрағасы",

"Мыңбаев - Қазақстан Республикасы

Сауат Мұхаметбайұлы Премьер-Министрінің орынбасары",

"Эванс Ричард - "БАЕ Системс" компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Лакшми Миттал" - "Миттал Стил Ко.М" төрағасы және басқарушы директоры",

"Мыңбаев - Қазақстан Республикасы

Сауат Мұхаметбайұлы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі",

"Эванс Ричард - "БАЕ Системс" компаниясының басқарма төрағасының арнаулы кеңесшісі";

аталған Кеңестің құрамынан: Ә.Р.Жақсыбеков, Х.Й.Хорн шығарылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*